

Сайрам аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 2-18/VIII "Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 15-118/VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 сәуірде № 6513-13 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сайрам аудандық мәслихатының "Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2023 жылғы 16 мамырдағы №2-18/VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6277-13 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ш. Халмурадов